

**Евней Букетов // Қазақтар: Көпшілікке арналған анықтамалық. 9 т. Т. 2. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 1998. – 245-246б.**

Евней Букетов (1925-1982 жж.)

Атақты ғалым, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Солтүстік Қазақстан облысындағы бұрынғы Октябрь ауданының Бағанаты ауылында дүниеге келген. 1949 жылдан 1961 дейін Қазақ КСР ҒА Химия-металлургия институтының директоры, ал 1972 жылдан бастап Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып істеді. Негізгі жұмыстары селен мен теллурдың технологиясы мен химиясын жасауға арналған. Оның басшылығымен Балқаштың кен-металлургия комбинатында конверторда қайта өңдеу үшін Жезказған концентратын даярлау тәсілі енгізілді, рений мен молибденді бөліп алу тәсілі жетілдірілді. Бұдан басқа, Букетов марганец рудаларын кешенді түрде қайта өңдеу проблемасын шешуге елеулі үлес қосты. Қазақстан химия ғылымының әлемдік деңгейге шығуы Евней Арыстанұлы есімімен байланысты. Ол жасаған ғылыми жаңалықтар төрткүл дүниенің көптеген елдерінде өндіріске енгізілді. Оның жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрді, жиырмадан артық авторлық куәлік алған.

Әдебиет саласында Евней Арыстанұлы Букетов Абай мен Мұхтар Әуезов шығармаларын талдаған бірсыпыра туындылар жазған сарабал сыншы, Сергей Есениннің "Анна Снегина" поэмасын ана тілімізде сөйлеткен тамаша аудармашы әрі өзі де артына "Алты хат" аталатын көркем әңгіме-хикаялар жинағын қалдырған қарымды қаламгер ретінде де кең танымал.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен атақты ғалымның туғанына 70 жыл толуы мерекелеңді. Өзі ректор боп қызмет атқарған Қарағанды мемлекеттік университеті бүгінде Евней Букетов есімінде.